

Қазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрлігінің  
Білім және ғылым саласында сапаны  
қамтамасыз ету комитеті төрағасының  
2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700  
бұйрығына қосымшасы бойынша  
жасалынды

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «84 «Кәусар»  
БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК**

**Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі**

Астана қаласы  
2024 жыл

**Астана қаласы әкімдігінің №84 «Кәусар» балабақшасы МКҚК -ның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі.**

**Мазмұны**

**1. Балабақша туралы толық мәлімет**

1.1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1.2. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары.

**2. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы.**

2.1. Балабақша ұйымында өзін-өзі бағалау жүргізу жөніндегі педагогикалық кенесті бармай профилактикалық бақылау жүргізудің жоспарланған мерзіміне ұйымдастыру.

2.2. Комиссияның тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) сауалнама жүргізу.

2.3. Комиссияның балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындыларын шығару.

**3. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын өткізуі**

**3.1. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП, МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫ**

- 1) Білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС және ҮОЖ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың талаптарына сәйкес келуін бағалау. (ҚР БҒМ 20.12.2012 ж. № 557 бұйрығы)
- 2) Білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырыу бағалау.
- 3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы ортасын қамтылғанын бағалау.
- 4) МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуын бағалау.
- 5) Баланың ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарына сәйкестігін бақылау.

- б) Баланың дамуын бақылауды қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқу нәтижелерінің болуын қадағалау.
- 7) «Денсаулық», «Қарым-қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Социум» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын оларды әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау арқылы іске асыру.
- 8) Тәрбиеленушілердің дамуына мониторинг (бастапқы мониторинг) жүргізуді қадағалау.

### **3.2. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІН БАҚЫЛАУ.**

- 1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарында белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды сақтауын бақылау.
- 2) Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтауын бақылау.

### **3.3. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- 1) ҚР МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптарды сақтауын тексеру.

### **3.4. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- 1) МЖМБС және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, икемнің, дағдылар мен құзыреттердің толық көлемін меңгеріу.
- 2) Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің бар болуын және талдауын (қорытынды) жас кезеңіне сәйкестігін қадағалау.

### **3.5. ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- 1) Бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жас кезеңін және топтарды жинақтауды қадағалау.
- 2) Тәрбиеленушіні 1 сыныпқа қабылдағанға дейін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерін сақтағанын бақылау.

## **4. Қорытындысы (Қосымшалары №1 папкада)**

## **1. Балабақша туралы толық мәлімет**

### **1.1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет:**

**1) Мекеменің атауы:** Астана қаласы әкімдігінің «№84 «Кәусар» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

**2) Білім беру ұйымының орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Аль-Фараби даңғылы 2.

Құрылған жылы: 2015 жыл, жобалық қуаты: 295 орын. Ғимараттың типтік сипаттамасы: 2 қабатты типтік ғимарат.

**3) Заңды тұлғаның байланыс деректері:**

**Балабақша телефон нөмері: 33-34-40**

Электронды пошта – [info@84kausar-balabaksha.edu.kz](mailto:info@84kausar-balabaksha.edu.kz)

Балабақша сайты- [84kausar-astanabilim.kz](http://84kausar-astanabilim.kz)

Балабақша инстаграмы- [84kausar-balabakshasy](https://www.instagram.com/84kausar-balabakshasy)

**4) Менгеруші:** Кайыргалиева Балауса Толеугалиевна (**№1 папкада бұйрық көшірмесі**)

**5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:** **Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама: 10 ақпан 2023 жылы берілген. (көшірмесі №1 папкада)**

**БСН: 150740007557**

**Жарғысы:** Астана қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 03 ақпандағы № 267/0 қаулысымен бекітілген. (**көшірмесі №1 папкада**)

**6) Рұқсат беру құжаттары:** **Қызметті жүзеге асыруды басталғаны туралы хабарлама: № KZ23RVK00048864 берілген күні 11 сәуір 2023 жылы. ( көшірмесі №1 папкада)**

**7) Жер пайдалануға Акті:** Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қаңтар, АН №0296961, жер учаскесінің кадастерлік нөмірі: 21-320-128-1121. (**көшірмесі №1 папкада**)

**8) Медициналық лицензиясы:** Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасымен №16014451, 16 қыркүйек 2016 жылы берілген. (**бұйрық көшірмесі №1 папкада**)

**Балабақша аптасына бес күндік қызмет көрсетеді.**

**Балабақшаның жұмыс уақыты: 07<sup>30</sup> – 18<sup>00</sup>**

## **1.2. Астана қаласы әкімдігінің «№84 «Кәусар» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары:**

Кәсіпорынның Тәрбиелік-білім беру қызметі оның Балабақша Жарғысында қарастырылған.

**Мақсаты:** Алғашқы бірдей жағдайлар құруды қарастырып, қарапайым оқу дағдыларын, жазу, есептеу мен ауызекі қарым-қатынас жасау және бастапқы білім беруді меңгеруді қалыптастыру болып табылады.

### **Міндеттері:**

- 1) балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;
- 5) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

### **Мәні:**

- 1) Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің Жалпы міндетті мемлекеттік стандартын іске асыру
- 2) тәрбиелік-білім беру үдерісінің заманауи әлеуметтік-экономикалық шарттары мен талаптарына сәйкес дамыған пәндік-кеңістіктік ортаны қамтамасыз ету;
- 3) оқу үдерісін жаңғыртуды қамтамасыз ету мақсатында Кәсіпорынның оқу-әдістемелік және материалдық базасын жаңарту;
- 4) жалпы даму топтарында психофизикалық дамуын іске асыру; жалпы дамитын инклюзивті білім беру топтарында ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін, арнайы топтарда сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін арнайы оқу-түзету қызметі арқылы психофизикалық дамуын іске асыру;
- 5) оқу жоспарына, баламалық және авторлық бағдарламаларға сәйкес балалардың қызығушылығын қанағаттандыру және қабілеттерін дамыту;
- 6) ата-аналардың (немесе өзге де заңды өкілдерінің) баланы тәрбиелеудегі сұраныстарын қанағаттандыру болып табылады.

### **Қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:**

- 1) балаларға арналған мерекелер, ертеңгіліктер және басқа да мәдени-ойын-сауық сипатындағы іс-шаралар өткізу;
- 2) театрларға, мұражайларға және т.б. бару, сондай-ақ Астана қаласының көрікті жерлерімен танысу бойынша іс-шаралар өткізу;
- 3) кәсіпорынның негізгі кәсіби бойынша ата-аналарға кеңес беру қызметін көсету.
- 4) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілетін дамыту;
- 5) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің дене бітімін және балалар спортын дамыту;
- 6) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қарым-қатынас қабілетін дамыту;
- 7) мектепке дейінгі ұйымның балаларын интеллектуалдық дамыту;
- 8) инклюзивтік оқытуды енгізу;
- 9) мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде электрондық форматта ұсыну сапасын және мерзімдерін жыл сайынғы (есептік (күнтізбелік) жылдың қорытындысы бойынша) бағалауды сақтау бойынша мониторинг жүргізу және бақылау;
- 10) ақылы білім беруді және сауықтыру қызметтерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және жалпы білім берудегі жоғары мемлекеттік стандартына сәйкес ұйымдастыру.

### **2. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы.**

2.1. Балабақша ұйымы 22.11.2023 жылы өткен №2 педагогикалық кеңесте, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйегіндегі № 700 бұйрығымен таныстырылып, білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстармен таныстырылды. (№2 педкеңес хаттамасы көшірмесі №1 папкада). Балабақша ұйымында өзін-өзі бағалау жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесті бармай профилактикалық бақылау жүргізудің жоспары бекітілді. (жоспар көшірмесі №1 папкада). Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуін балабақшаның 22.11.2023 ж. № 153 н/б негізінде құрылған комиссия жүргізді. (комиссия құру туралы бұйрық көшірмесі №1 папкада).

2.2. Желтоқсан айы аралығында мектеп алды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (заңды өкілдерінен), тәрбиеленушілердің шеберлігі мен дағдыларын айқындау үшін, Бағалау өлшемшарттының 6-қосымшасына сәйкес, сауалнама алынды. (Сауалнама қорытындысы 3.3. бөлімінде берілген)

2.3. Өзін-өзі бағалау қорытындысы 23 қаңтар 2024 жылы №3 кезектен тыс педагогикалық кеңесінде қарастырылды, барлық қатысушылардың назарына жеткізілді. ( №3 педкеңес хаттамасы көшірмесі №1 папкада).

Меңгеруші Б.Т. Кайыргалиева өзін-өзі бағалауы қорытындысының нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында, қаңтар айының 22 жұлдызында, есеп берді. ( қамқоршылық кеңес жиналыс хаттамасы №2 көшірмесі №1 папкада).

25 қаңтар 2024 жылы өзін-өзі бағалау қорытындысы балабақша сайты-[84kausar-astanabilim.kz](http://84kausar-astanabilim.kz) орналастырылды.

### **3. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын өткізуі**

#### **3.1. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП, МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫ**

##### **1) Білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС және ҮОЖ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың талаптарына сәйкес келеді. (ҚР БҒМ 20.12.2012 ж. № 557 бұйрығы)**

№84 «Кәусар» балабақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары. Барлық топтарда жүргізілетін ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемін жүйелейтін «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы Заңының 5-бабының б) тармақшасына (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 11.07.2017 ж.), ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1 – қосымша, ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1 - қосымшасына және ҚР Үкіметі 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 13 мамырдағы ҚР Үкіметінің №292 қаулысына сәйкес оқу жоспарымен белгіленеді.

Балабақша 2023-2024 оқу жылы 12 топ жұмыс істейді. Олардың 12 топ қазақ тілінде тәрбиеленетін топтар. Мектепалды даярлық тәрбиеленетін топ- 4, ересектер тобы -4, ортаңғы топтар -3, кіші топ – 1.

Балабақшаның ұйымдастырылған оқу қызметтері ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы» бойынша және ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сәйкес «1 жастан 6(7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ұйымдастырылады.

2023– 2024 оқу жылына арналған вариативтік компонент бойынша ұйымдастырылатын іс-әрекеттері №1 педагогикалық кеңесте (28.08.2024) талдап бекітілді. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының вариативтік бөлімінде қазақ тілінде және орыс тілінде тәрбиеленетін топтарға төменде берілген ұйымдастырылған оқу қызметтері енгізілді.

Оқу жұмыс жоспарындағы вариативтік компонент балалардың дене дамуымен қатар ой еңбегіне әсер ету, тілді байыту және 2023-2024 оқу жылына алынған балабақшаның мақсаты бойынша жұмыстарды жалғастыру мақсатында:

- «Қазақ этнопедагогикасы- тәрбие бастауы» А. Баделдің әдістемелік құралы ( Астана, ББЖ КБА КДИ, 2011)бойынша ересектер топтарында 1 сағат, ортаңғы тобында 1 сағат енгізілді.

Ф.И. Жұмабекованың « Өнер көзі- халықта» әдістемелік құрал бойынша жүргізіледі. « Шебер қолдар» ұйымдастырылған оқу қызметі- кіші топта-1 сағат, ортаңғы тобында- 1 сағат.

«Қауіпсіздік әліппесі» мектепалды даярлық тобына- 1 сағат, ересектер тобында- 1 сағат енгізілді.

МКҚК №58 « Алтын бесік» балабақшасының авторлы бағдарламасы  
« Қауіпсіздік әліппесі» 3-7 жас балаларына арналған. Авторлары: тәрбиешілер Талипова Р.Ш, Писаненко Т.М дене шынықтыру нұсқаушысы Агдамова С.А.

« Жас зерттеуші» ересектер тобында- 1 сағат енгізілді. Нурбаева Гульвира Исабекқызының №23 « Алтын бесік» балабақшасы « Жас зерттеуші» әдістемелік құралы, ББЖ КБА және ҚДИ ғылыми кеңесі ұсынады №30 хаттама 03.04.2012ж.

« Астанатану»- ересектер тобында- 1 сағат, мектепалды даярлық тобында- 1 сағат.

Әдістемелік құралда мектепке дейінгі жастағы балаларға өз қаласымен танысу бағдарламасы берілген. Балалардың өз қаласы қонақжайлығы мен тарихын кеңінен тануға және білімдерін толықтыруға арналған. №50 «Сказка» шағын гимназия балабақшасының шығармашылық тобы тәжірбиесінен алынған.

Авторлары: Жилкибаева Л.Е, Сакира Н.С., Тайгельтирова К.М., Пушкарева Л.В.- тәрбиешілер.

« Шеберлердің сиқырлы қаласы»- кіші тобына- 1 сағат, ортаңғы тобына- 1 сағат, ересектер тобына- 1 сағат, мектепалды даярлық тобына- 1 сағат енгізілді.

Әдістемелік құрал « Шеберлердің сиқырлы қаласы» 3-7 жас балаларына арналған. Авторы : О. Гумирова Шикула и К баспасы 08.01.2016ж.

2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары №84 « Кәусар» балабақшасының 2023 жылғы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесінде қарастырылды және бекітілді.

(2023-2024оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарының көшірмесі № 2 папкада қоса берілді)

### **2023-2024 оқу жылы:**

№84 «Кәусар » балабақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары.

Балабақшаның оқу жұмыс жоспары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделе отырып әзірленген.

Жаңа оқу жылында оқу-тәрбие білім беру үрдісі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1. ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.
3. ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
4. «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін

атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 192 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады.

Балабақшада 12 топ жұмыс істейді. 12 топ қазақ тілінде тәрбиеленетін топтар.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған топтарға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі білім берудің типтік оқу жоспарын бекіту туралы» бұйрығына 3 қосымшасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 19 қарашада №479 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға байланысты

-«Қазақ этнопедагогикасы - тәрбие бастауы» - 0,5 сағат. (Асыл мұра, балалардың дүниетанымын қазақ этнопедагогикасы негізінде әдістемелік нұсқаулығы,ББЖ КБА КДИ-нің ғылыми кеңес ұсынады, Астана 2005ж, № 7 хаттамасы, Ақжарқын Бәделқызының авторлық еңбегінің іс –тәжірибесінен; «Қазақ этнопедагогикасы – бала дүниетанымын қалыптастыру негізі», әдістемелік құрал, Астана, 2009ж.,ISBN 978-601-275-103-1,Ақжарқын Бәделқызының әдістемелік құрал авторлық еңбегінің іс-тәжірибесінен)- «Қауіпсіздік әліппесі» - 0,5 сағат (Р.Ш.Талипова,С.Адгамова,Т.М.Писаненконың авторлық бағдарлама № 58 балабақшасы, Астана, ББЖ КБАКДИ-нің ғылыми кеңес ұсынады, ) №13 хаттама 2005..,№7 хаттамасы 16.03.2018). «Тілашар», «Балауса», «Бүлдіршін» ортаңғы топтарында тәрбиелеу мен оқыту қазақ тілінде жүргізіледі .

- «Қазақ этнопедагогикасы - тәрбие бастауы» - 1 сағат. (Асыл мұра, балалардың дүниетанымын қазақ этнопедагогикасы негізінде әдістемелік нұсқаулығы, ББЖ КБА КДИ-нің ғылыми кеңес ұсынады, Астана 2005ж, № 7 хаттамасы, Ақжарқын Бәделқызының авторлық еңбегінің іс –тәжірибесінен. «Қазақ этнопедагогикасы – бала дүниетанымын қалыптастыру негізі» әдістемелік құрал, Астана,2009 ж.,ISBN 978-601-275-103-1, Ақжарқын Бәделқызының әдістемелік құрал авторлық еңбегінің іс-тәжірибесінен) «Қауіпсіздік әліппесі-1 сағат (Р.Ш. Талипова,С.Адгамова,Т.М.Писаненконың авторлық бағдарлама №58 балабақшасы, Астана, ББЖ КБАКДИ-нің ғылыми кеңес ұсынады) №13 хаттама 2005..,№7 хаттамасы 16.03.2018).

- «Қазақ этнопедагогикасы - тәрбие бастауы» - 1 сағат.(Асыл мұра, балалардың дүниетанымын қазақ этнопедагогикасы негізінде әдістемелік нұсқаулығы,ББЖ КБА КДИ-нің ғылыми кеңес ұсынады,Астана 2005ж, № 7 хаттамасы,Ақжарқын Бәделқызының авторлық еңбегінің іс – тәжірибесінен. Авторы әдістемелік құралы, №32 «Балдәурен» балабақшасының тәрбиешілері Сапарғужина Бақыт Қабылдақызы,Тіленова Гүлнара Советбай қызы, Жүнісова Ләззат Бейсенбекқызы,білім беру жүйесіндегі кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының ғылыми кеңесінің шешімі, (№ 29 хаттама31.01.2012 жыл).

«Астанатану»-1 сағат («Өрлеу Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ Филалы Асана Қаласы Бойынша Педагогикалық Қызметкерлердің Біліктілігін Арттыру Институтының ғылыми кеңесі ұсынады, Астана 2013ж..,

ISBN 978-601-280-516-1, № 4хаттамасы, Л.Г. Рахменова, К.М.Тайгельтирова, Г.М.Кагерменова, Л.В. Пушкарева, А.Ю.Мисниктің авторлық еңбегінің іс-тәжірибесінен);

«Балақай» ересек тобында тәрбиелеу мен оқыту қазақ тілінде жүргізіледі .

- «Қазақ этнопедагогикасы - тәрбие бастауы» 1 сағат.(Асыл мұра, балалардың дүниетанымын қазақ этнопедагогикасы негізінде әдістемелік нұсқаулығы,ББЖ КБА ҚДИ-нің ғылыми кеңес ұсынады,Астана 2005ж, № 7 хаттамасы,Ақжарқын Бәделқызының авторлық еңбегінің іс –тәжірибесінен; «Қазақ этнопедагогикасы – бала дүниетанымын қалыптастыру негізі», әдістемелік құрал, Астана,2009 ж.,ISBN 978-601-275-103-1, Ақжарқын Бәделқызының өмір әдістемелік құрал авторлық еңбегінің іс-тәжірибесінен).

«Астанатану»-1 сағат («Өрлеу Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ Филалы Астана Қаласы Бойынша Педагогикалық Қызметкерлердің Біліктілігін Арттыру Институтының ғылыми кеңесі ұсынады, Астана 2013ж., ISBN 978-601-280-516-1, №4хаттамасы, Л.Г. Рахменова, К.М.Тайгельтирова, Г.М.Кагерменова, Л.В. Пушкарева, А.Ю.Мисниктің авторлық еңбегінің іс-тәжірибесінен);

- «Қауіпсіздік әліппесі» - 1 сағат. (Р.Ш. Талипова,С.Адгамова,Т.М.Писаненконың авторлық бағдарлама № 58 балабақшасы, Астана, ББЖ КБАҚДИ-нің ғылыми кеңес ұсынады) №13 хаттама 2005.,№7 хаттамасы 16.03.2018).

-«Астанатану»-1 сағат («Өрлеу Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ Филалы Астана Қаласы Бойынша Педагогикалық Қызметкерлердің Біліктілігін Арттыру Институтының ғылыми кеңесі ұсынады, Астана 2013ж.,ISBN 978-601-280-516-1, №4хаттамасы, Л.Г. Рахменова, К.М.Тайгельтирова, Г.М.Кагерменова, Л.В. Пушкарева, А.Ю.Мисниктің авторлық еңбегінің іс-тәжірибесінен

- «Қауіпсіздік әліппесі» -1 сағат (Р.Ш.Талипова,С.Адгамова,Т.М.Писаненконың авторлық бағдарлама № 58 балабақшасы, Астана, ББЖ КБАҚДИ-нің ғылыми кеңес ұсынады,) №13 хаттама 2005.,№7 хаттамасы 16.03.2018).

«Шеберлердің сиқырлы қаласы»-1 сағат

Ертегі авторы: О.Гумирова . Сатимбекова М, Саулебаева, А.Крилинская.«Шикула и К»,2016.ISBN 9965-9199-9-2.

«Астанатану»-1 сағат («Өрлеу Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ филалы Астана Қаласы Бойынша Педагогикалық Қызметкерлердің Біліктілігін Арттыру Институтының ғылыми кеңесі ұсынады, Астана 2013ж., ISBN 978-601-280-516-1, № 4хаттамасы, Л.Г. Рахменова, К.М.Тайгельтирова, Г.М.Кагерменова, Л.В. Пушкарева, А.Ю.Мисниктің авторлық еңбегінің іс-тәжірибесінен)

«Қауіпсіздік әліппесі» - 1 сағат (Р.Ш.,С.Адгамова,Т.М.Писаненконың авторлық бағдарлама № 58 балабақшасы, Астана , ББЖ КБАҚДИ- нің ғылыми кеңес ұсынады), №13 хаттама 2005.,№7 хаттамасы 16.03.2018ж.

-«Ғажайып елдерге саяхат» -1 сағат. Балаларға арналған әдістеме. Авторлары: Нусипбекова М.И. Бельченкова Т.Н.г.Астана «Арман-ПВ»,2011.ISBN 9965-86 .

-Шеберлердің сиқырлы қаласы»-1 сағат.

Ертегі авторы: О.Гумирова . Сатимбекова М, Саулебаева, А.Крилинская.  
«Шикула и К»,2016.ISBN 9965-9199-9-2.

Оқу жұмыс жоспары жылдың 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесінде қарастырылды және бекітілді.  
(2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарының көшірмесі № 2 папкада қоса берілді)

### **2023-2024 оқу жылы:**

№84 «Кәусар» балабақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары, балабақшаның кіші, ортаңғы, ересектер, мектепалды даярлық топтарында білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негіздеме отырып әзірленген:

- ✓ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;
- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы;
- ✓ ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» өзгерістер мен толықтырулармен ( 2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығына 1-қосымша)
- ✓ ҚР БҒМ 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығымен «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы».

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда мына ережелер мен ұсыныстар ескерілді:

- ✓ «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына 1-қосымша)
- ✓ «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы.

№ 84 « Кәусар» балабақшасында 12 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленеді және оқытылады – 12 топ; Олардың ішінде: кіші топ -1; ортаңғы топ - 3; ересектер топ - 4; мектепалды даярлық топ – 4.

Оқу жұмыс жоспарын құрастыру кезінде апталық оқу жүктемесінің барынша рұқсат берілетін көлемі және вариативтік компонентті қоса санағанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы есепке алынды.

### **Вариативтік компонент**

**Мектепке дейінгі ұйымның бағытына, эксперименталдық жұмыс пен ата-аналар мен балалардың қызығушылығына сәйкес енгізілген:**

**1.«Шебер қолдар»** ортаңғы топқа арналған «Балақай» бағдарламасы Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы . Ғаламтордан алынған материалдар

Құрастырушы-автор: Г.Ә.Досымова

**2. «Бала тілін дамыту»**

Авторлары: Г.Д.Абдрахимова, Алматы-кітап баспасы, 2008 жыл

Е.Өтетілеуова.Құрастырушы-автор: Г.Ә.Досымова

Облыстық оқу орталығының шығармашылық топ мүшесі,

**3.Мектепалды даярлық тобына арналған «Сиқырлы сандар»**

Авторлары: Н.Н.Амирова Алматы кітап баспасы 2014.

**4. «Ертегілер әлемі»** Автор: Копенбаева Айсулу Амангелдиевна .Барлық топтарға арналған жоба.

Жұмыс оқу жоспары 2023 жылғы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесте қарастырылып және бекітілді.

(2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарының көшірмесі № 2 папкада қоса берілді)

**2023-2024 оқу жылы:**

№84 «Кәусар» балабақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары.

Балабақшаның оқу жұмыс жоспары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделі отырып әзірленді.

2020-2021 оқу жылында оқу-тәрбие білім беру үрдісі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен.

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2016 жылғы 22 шілдедегі №391 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен, 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №721 бұйрығымен өзгертілген;

✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығы.

Оқу - тәрбие процесін ұйымдастыру барысында мына құжаттар ескерілді:

✓ «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы 2020 жылғы 5 шілдедегі өзгертулерімен;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары туралы» 2020 жылғы 18 мамырдағы № 207 бұйрығына 1-қосымша.

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығымен бекітілген Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік қағидалары;

№ 84 «Кәусар» балабақшасында 12 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленеді және оқытылады – 12 топ; Олардың ішінде жалпы мемлекеттік тілде оқытылатын топтар: ортаңғы топ - 3; ересек тобы -4; мектепалды даярлық тобы (5-6 жас) – 4.

Мемлекеттік тілде оқытылатын ЖСТД балаларға арналған түзету топтары әртүрлі жастағы тобы (3-4 ,4-5, 5-6 жас) – 1.

Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі және вариативтік компонентті қоса алғанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы есепке алынды.

Балабақшадағы барлық жастағы топтар бойынша вариативтік компонент сағаттары мына түрде бөлінді:

#### 1. «Өнер көзі халықта»

(«Өнер көзі халықта» Ф.Н. Жұмабекова авторлық бағдарламасы. «Өрлеу» БАҰО АҚ Астана қ. бойынша БАИ қорғалды, 21.11.2011ж. № 26 хаттама).

#### 2. «Дүниені танып білемін»

(«Дүниені танып білемін» Т.И.Гризик, А.Аймағамбетова әдістемелік ұсыныстар, Алматы «Просвещение Казахстана» 2007ж., ББК 74.100.5.).

#### 3.«Сиқырлы қарандаш пен қылқалам»

(«Сиқырлы қарандаш пен қылқалам» Э.С. Қыдыров, С.Л. Мадалиева әдістемелік құрал, «Шикула және К», Шымкент қаласы, 2016ж.).

#### 4.« Школа умелого карандаша»

("Школа умелого карандаша" Т.Н.Светличная әдістемелік құрал. Кокшетау қаласы, «Келешек» 2016ж.)

Оқу жұмыс жоспары 2023 жылғы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесте қарастырылды және бекітілді. (2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарының көшірмесі № 2 папкада қоса берілді)

## **2023-2024 оқу жылы:**

№84 «Кәусар» балабақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары.

2021-2022 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мына құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

✓ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

✓ «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен);

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы;

✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы (2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен);

✓ «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 Қаулысы;

✓ «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығы;

✓ «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (2020 жылғы 18 мамырдағы №207 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен);

✓ «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы.

№ 84 «Кәусар» балабақшасында 12 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады - 12 топ; оның ішінде: кіші топ - 1; ортаңғы топ - 3; ересек топ -4; мектепалды даярлық топ – 4.

Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі және вариативтік компонентті қоса алғанда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы есепке алынды.

Балабақшадағы барлық жастағы топтар бойынша вариативтік компонент сағаттары мына түрде бөлінді:

**1. «Шашу»** («Шашу» мектепке дейінгі 4-6 жас аралығындағы балаларға арналған оқу-танымдық кешенінің әдістемелік құралы. Авторы: Катшатбаев Қуантай Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі, Мектепке дейінгі және орта білім департаменті тарапынан мақұлданған.

Нұр-Сұлтан, 2021 жыл. 31.08.2021 ж. №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы).

**2.«Дүниені танып білемін»**

(«Дүниені танып білемін» Т.И.Гризик, А.Аймағамбетова әдістемелік ұсыныстар, Алматы «Просвещение Казахстана» 2007ж., ББК 74.100.5.).

**3.«Сиқырлы қарандаш пен қылқалам»**

(«Сиқырлы қарандаш пен қылқалам» Э.С. Қыдыров, С.Л. Мадалиева әдістемелік құрал, «Шикула және К», Шымкент қаласы, 2016ж.).

**4.«Шебер қарындаш мектебі»**

(«Школа умелого арандаша» методическое пособие, автор Т.Н. Светличная, г. Кокшетау, «Келешек» 2016 год.).

**5.«Өнер көзі халықта»**

(«Өнер көзі халықта» Ф.Н.Жұмабекова авторлық бағдарламасы. «Өрлеу» БАҰО АҚ Астана қ. Бойынша БАИ қорғалды, 21.11. 2011ж. №26 хаттама).

Оқу жұмыс жоспары 2023 жылғы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесте қарастырылды және бекітілді.

(2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарының көшірмесі № 2 папкада қоса берілді)

**2) №84 «Кәусар» КМҚК ұжымының оқу-тәрбиелік жұмысы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына қосымша ҚР Үкіметінің 13.05.2016 №292 қаулысы талаптарына сәйкес тәрбиеленушілердің білімділік күзиреттілігін қалыптастыру мақсатына бағытталған. Жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға тәрбиелеу. Баланың дағдыларын, ойлау қабілетін, шығармашылық қиялын, психологиялық икемділігін дамытуға бағытталған.**

**Балабақша жұмыс істейтін әдістемелік тақырыбы:** «Инновациалық технологиялар арқылы жан жақты тұлға тәрбиелеу»

**Біздің миссиямыз:** жоғары адамгершілік құндылықтарға бағытталған инновациялық дамып келе жатқан білім беру ортасы жағдайында балалардың зияткерлік әлеуетін дамытуға ықпал ету.

**Мақсаты:** Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы жұмысын ұлттық құндылықтар мен заманауи тәрбие бағыттарына негіздей отырып, балаларға ана тілін еркін меңгертетін, сөйлеу мәдениетінің бастапқы негіздерін жақсы қалыптастыратын тәрбие мен кеңістігін құру.

**Стратегиялық мақсаты:** Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау.

- **Негізгі міндеттер:** -
- 1.Балалардың денесін шынықтыру мен денсаулығын нығайтуды оқыту процесі мен күн тәртібінің барлық кезеңдерінде дәстүрлі және инновациялық әдістер қолдану.
- 2.Отбасымен ынтымақтаса отырып, балалардың ана тілін жетілдірудің тиімді және ықпалды жолдарын ойластып, танымдық-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.
- 3.Балаларды әлеуметтендірудің психологиялық-эмоционалдық дайындығын педагогикалық үрдіс және психологиялық қызмет арқылы жүзеге асыру.
- 4.Тәрбиелеу мен оқыту үрдісі барысында балалардың қазақ халқының ізет нормаларынан бастап, әдебиет, өнер, қолөнер, ата-бабабымыздың тұрмыс тіршілігі жайлы ұлттық құндылықтарды қарапайым негіздерін қалыптастыру.
- 5. Педагогтардың тәрбие мен білім берудің заманауи технологиялар туралы білімдерін кеңейтіп, тиімді пайдалану әдістерін шыңдау.

**Балалардан күтілетін нәтиже:**

- физикалық аман-саулықты;
- әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті;
- когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамыған;
- таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивацияны дамыған;
- бастамашылықты, дербестікті және жауапкершілігі дамыған;
- өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсету;
- өз бетінше саналы таңдау жасай білу;
- командада жұмыс істей білу;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- креативтілікті қолдау;

- психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету;

**Ата-аналардан күтілетін нәтиже:**

- білім беру процесінің қатысушылары болуға;
- баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге;
- баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға;
- көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға;
- үйде баланың толық дамуы үшін жағдай жасауда консультациялық көмек алуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік оқытудың мазмұны ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрылады:

Оқу-тәрбие жұмысы ҚР Үкіметінің 13.05.2016 № 292 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сай іске асырылады және «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасымен жұмыс жасайды.

«Өзін-өзі тану» бағдарламасын жүзеге асыру үшін нақты жағдайлар жасалды және тәрбиеленушілердің зияткерлік қабілеттерін дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді. Тәрбиешілер мен педагогтар сәйкес курстардан өтті. Балалардың жас ерекшеліктеріне қойылатын талабына байланысты ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі оқу жоспарына сәйкес құрылған. Күн тәртібі гигиеналық талаптарға сай, жылдық жоспар негізінде балабақшадағы педагогтармен ай сайын перспективті жоспар мен циклограммалар құрылады. Іс-әрекетті ұйымдастыру барысында әр түрлі тәсілдерді қолданады. Бұл – дәстүрлі, кіріктірілген, ұжымдық, топтық, жарты топпен, жеке іс-әрекеттер. Бұл іс-әрекеттерде педагогтар әр түрлі салаларды, тақырыпқа сай жоспар бойынша мән-мағынасын біріктіреді. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс барысында педагогтар әр баланың мінез-құлқын, жас психо-физиологиялық ерекшеліктерін, табиғи дара шығармашылық қабілетін ескереді. Педагогикалық құзыреттілік мәселені сараптау және жоспарлау негізінде құрылады. Балабақшада әр баланың жеке тұлға боп дамуына барлық жағдай жасалынған. Барлық жастағы топтарда жас ерекшеліктеріне сай мольберттер, үлгілер, түрлі бағыттағы көркем сурет, ұлттық қолөнер заттары бар. Балалардың сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар. Топтарда музыкалық бұрыштар бар. Театрланған әрекеттер үшін түрлі жабдықтар (куыршақтар, театрлық костюмдер, шымылдық), театрдың бірнеше түрі (көлеңкелік, үстелдік және т.б.) бар. Педагогтармен әр ай сайын жоспарлы сюжетті-рөлдік қойылым көрсетіледі. Бұл балалардың адамгершілік құзыреттіліктерін дамытады. Экологиялық және тәжірибелік (экспериментальді) орталықтарда экологиялық мәдениетті дамытуға арналған көрнекі құралдар (альбомдар, сурет жинақтары, дидактикалық ойындар және т.б.) сияқты иллюстративті материалдар; көгалдандыру бұрыштары (үй өсімдіктері) бар. Орталықта өсімдікті өсіруге және оларға күтім жасауға арналған (бау-бақша, гүл өсіретін орындар)

барлық жағдай жасалған. Балалардың қарапайым жеке ғылыми көзқарастарын дамытуға арналған материалдар және балаларға тәжірибе жасауға арналған құралдар бар. Балабақшаның әрбір жоғарғы топтарында балалардың танымдық дүниетанымын дамытуға арналған (мозайкалар, түрлі-түсті ойыншықтар және т.б.) дидактикалық ойындар (лото, домино, сурет жиынтықтары) әр түрлі сюжетті ойын жиынтықтары және қуыршақтар мен әртүрлі пішіндегі жануарлар, ойыншық жиһаздар, ойыншық телефон сияқты және балалардың әр түрлі кәсіп түріне бейімделіп дамуына арналған «Дүкен», «Шаштараз», «Аурухана» және т.б. тақырыптары бойынша түрлі жиынтықтар бар. Серуен кезінде ойнауға арналған (шелек, күрек, түрлі пішіндер, қалақтар) ойыншықтары бар. Орталықтағы ойыншықтардың барлығы тақырыпқа сай орнатылған, әрбір бала өзіне ұнаған ойыншықты алып, басқа балаларға кедергі жасамайды. Әрбір топта осы балалабақшаның қызметкерлері дайындап жасаған (ой қабілетін, қол саусақтарын дамытуға) дидактикалық материалдар бар. Ересек топтарда балалардың құрастыру қызметін дамытуға арналған барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар ұсақ және ірі құрылыс материалдары (әр түрлі әдіспен құрастыратын фетрден, кәушіктен) түрлі құрастырғыштар, түрлі құрылыс схемалары, сызбалары, мозайкалар, танграммалары бар. Бейнелеу өнеріне арналған табиғи материалдар бар. Сондай-ақ барлық топтарда (киіз үйдің макеттері, қазақтың ұлттық киімдегі қуыршақтары, жұмыс бұйымдары және т.б.) «Қазақтың ұлттық бұйымдары» атты бұрыштар бар. Орталықтың басты мақсаты балаларды қазақ халқының мәдени құндылықтарына баулу және тәрбиелеу. Балалар қазақ халқының шығармашылығымен, салт-дәстүрімен танысады. Орталықтың дамыту саласы баланың жеке тұлғасын дамыту үшін барлық жағдайлар қамтамасыз етілген. Балалардың даму белсенділіктерін арттыру үшін орталық тәрбиешілері балабақшаны материалдармен қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі. Сонымен қатар әрбір топта балалардың ойнау қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған ойын алаңдары бар. Топтағы ойнау бұрыштары сюжетті рольге бөліну және дамыту ойыншықтарынан тұрады. Кіші және ортаңғы топтағы «Үй», «Аурухана», «Шаштараз», ал ересек топта «Мектеп», «Кітапхана», «Супермаркет» сияқты сюжетті рольге бөліну ойындарының барысында балалардың өздігімен рольді бөлу, ересектермен бірігіп ойнауға арналған құралдарды дайындау мәнері қалыптасып, сонымен қатар ойындарды ұйымдастыру белсенділігі артады. Ойнау барысында балалардың қоршаған орта туралы көзқарастары қалыптасып, тіл байлығы мен психикалық процесстері дамып, еңбексүйгіштік қасиетке бейімделіп тәрбиеленеді. Барлық материалдар балалардың жас ерекшеліктері мен психофизикалық ерекшеліктерін, санитарлы-гигиеналық талаптарын, психо-педагогикалық шарттарын ескере отырып жасалып, жинақталатындықтан баланың интеллектуалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге себебін тигізеді. Балабақшаның барлық табиғи–кеңестік ортасы санитарлық тексеру мекемелерінің талаптарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 615 бұйрығы.

**3) №84 «Кәусар» балабақшасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы ортасы қамтылған.**

2 қабатты кірпіштен қаланған типтік ғимарат. Мекеме 2015 жылы тұрғызылған. Ғимаратты заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған 12 топ, орталықтандырылған жылу, су, канализация, сантехникалық жабдықтар қанағаттанарлық жағдайда. Топтық және жататын бөлмелер бір-бірінен бөлінген. Әр бір топтың өзінің бөлек есігі бар.

-музыка залы, спортзалы, интеллектум кабинеті, робототехника кабинеті, құммен сурет салу кабинеті, түз үңгірі, логопед пен дефектолог кабинеті, психолог кабинеті бар.

-Медициналық жұмыс бөлмесі, медициналық кабинет, егу жүргізу бөлмесі, оқшалау бөлме және дәретхана.

-Ас әзірлейтін бөлмелер бар, талапқа сай.

-Кір жуатын бөлме заман талабына сай жабдықталған жұмыс істейді.

